

3

Монумент орнатудың қағидасы бар



4

Шәмші әндерін шырқады





Сыр бойы

№180 (21056) 27 қараша, бейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

ҰҚШҰ: КЕҢЕС ОТЫРЫСЫ ӨТЕДІ

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің отырысына қатысу үшін Бішкек қаласына барды. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

«Қасым-Жомарт Тоқаевты Манас әуежайынан Қырғызстан Министрлер кабинетінің төрағасы – Қырғызстан Президенті Әкімшілігінің басшысы Адылбек Қасымалиев қарсы алды» делінген хабарламада.

Айта кетейік, бүгін, 27 қарашада Бішкекте Қырғызстанның төрағалығымен Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің сессиясы өтеді.

ГЕННАДИЙ ГОЛОВКИНДІ ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Геннадий Головкинді World Boxing халықаралық федерациясының президенті болып сайлануымен құттықтады. Бұл шешімді даңқты спортшының әлемдік боксты дамытуға қосқан үлесінің, кәсібилігі мен мінсіз абырой-беделінің мойындалғаны деп бағалады.

– Сіз әлемдік спорттың дамуына зор үлес қостыңыз. Қазақ бокс мектебінің бай дәстүрін лайықты деңгейде танытып, дүние жүзінің елімізді бокс державасы ретінде мойындауына ықпал еттіңіз. Өмір жолыңыз көптеген жарқын жеңіске толы. Оған күш-қуат, рух, табандылық, ішкі тәртіп секілді қасиеттеріңіз арқылы жеттіңіз. Бұл елімізде ғана емес, шет мемлекеттердегі миллиондаған жастың жігерін жаниды. Есіміңіз әлемдік бокс тарихына алтын әріппен жазылғанына еш күмән жоқ, – деді Президент.

Мемлекет басшысы танымал спортшының Ұлттық олимпиада комитетіндегі қызметіне жоғары баға берді.

Сондай-ақ World Boxing халықаралық федерациясының президенті ретінде көптеген мәселені шешімін табуы қажет екенін айтты.

Мемлекет басшысы отандық спортты дамытуға сіңірген елеулі еңбегі үшін Геннадий Головкинді I дәрежелі «Барыс» орденімен марапаттады.

Геннадий Головкин еңбегін жоғары бағалағаны, сенім артып, қолдау көрсеткені үшін Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты. Сондай-ақ боксты одан әрі дамытуға, осы спорт түрінің еліміздегі және халықаралық деңгейдегі беделін нығайтуға дайын екенін жеткізді.

/// ПРЕЗИДЕНТ ҚОЛДАУЫНЫҢ ҚАРЫМЫ

«ҚЫЗЫЛОРДА-ЖЕЗҚАЗҒАН» АВТОЖОЛЫ: ТАБАНДЫ ІСТІҢ ТАРИХИ СӘТІ



«Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолының мәселесі талай жылдан бері қозғалып келді. Сапар азабын тартқан жұрт аталған жолдың қиындығын жиі айтып-ақ жүрді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен жол құрылысы басталып кеткен еді. Ал күні кеше Сыр елі мен Ұлытау жерін жалғайтын автожолдың облыс аумағына тиесілі бөлігі (192 шақырым) аяқталып, ресми түрде пайдалануға берілді. Қырық жылдан астам күтім көрмеген жолдың күрмеуі осылай шешілді.

Тарихи сәттің қуанышына облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевпен бірге «ҚазАвтоЖол» ҰҚ» АҚ Басқарма төрағасы Дархан Иманашев, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов, облыстың құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, мәслихат депутаттары, ел ағалары мен зиялы қауым өкілдері қатысты. Салтанатты жарада аймақ басшысы құртықтау лебізін жеткізіп, құрылысты жүргізген жолшыларға алғыс білдірді. Сондай-ақ бұл жолдың өңір экономикасына, өндірістің өркендеуіне, тұрғындардың әл-ауқатының артуына тигізетін оң ықпалы мен ерекше маңызын атап өтті.

– Бүгін – аймағымыз үшін тарихи күн! «Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолының ашылу рәсімінде бас қостық. Халқымыз ұзақ жылдан бері армандап келген автожолды салуға қолдау көрсеткен Мемлекет

басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлына барша Сыр жұртшылығының атынан зор ризашылығымызды, шынайы алғысымызды білдіреміз. Республикалық маңызы бар автомобиль жолы туралы мәселе Тәуелсіздік алған кезеңнен бері бірнеше мәрте көтерілді. Ауа райының қолайсыздығына қарамастан, тұрғындарымыз қара жолмен елордаға, Ұлытау, Қарағанды облыстарына қатынады. Астанаға 2 мың шақырымнан астам жол жүріп, Балқаш арқылы да барды. Енді міне, Президентіміздің ерекше қолдауының арқасында қанша жылдан бері халқымыз көтерген өзекті мәселе өз шешімін тапты. Облыс аумағындағы 216 шақырым жол толық қайта жаңғыртудан өтіп, тиісті жұмыстар аяқталды. Жобаны жүзеге асыруға 84 млрд теңге бөлінді.

Суреттерді түсірген Бағдат Есжанов

2-бет

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

КҮН ТӘРТІБІНДЕ – ЕКІ МӘСЕЛЕ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде трансшекаралық хабтарды дамыту мәселелері, қалдықтардың барлық түрін басқарудың 2026-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы талқыланды. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейін аймақ басшысының төрағалығымен өткен мәжілісте осы және өзге де мәселелер қаралып, жауапты сала басшыларына тапсырма жүктелді.

– Қала, аудан әкімдіктері, жөндеуден өткен көшелер мен көпір өткелдеріндегі асфальт жабындысының бұзылмауын қатаң бақылауға алыңыздар. Су, электр, газ желілерін тартқанда асфальтқа зиян келмеуі тиіс.

Қалалар мен елді мекендер аумағын абаттандыру қағидасының сақталуына жүйелі рейд ұйымдастыру керек. Экологиялық құқықбұзушылықпен күресте бейнекамералар тиімділігін көрсетуде. Учаскелік инспекторлардың бекітілген аумақтарын үнемі бақылап, белгіленбеген орынға коқыс тастауға болмай-тынын ескертіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізуі өте маңызды. Қоғамдық орындарды ластау фактілерімен күресте жаңа технологияларды кенінен пайдалануымыз қажет.

Қалдықтарды жою, абаттандыру қағидаларын сақтау туралы түсіндірме жұмысын тұрақты жүргізіңіздер. Әсіресе, қоғамдық орындарды ластағандарды, белгіленбеген жерге коқыс төккендерді анықтап, алдын алуды қатаң бақылаңыздар, – деді облыс әкімі.

Тұжырымдама шеңберінде атқарылған жұмыстарды атап айтсақ, өңірде коммуналдық өнеркәсіптік қалдықтарды басқару бағытында 23 кәсіпкерлік субъектісі бар. Жыл басынан бері жиналған 230 мың тонна коммуналдық қалдықтың 75 мың тоннасы, 103 мың тонна өнеркәсіптік қалдықтың 81 мың тоннасы өңделген.

Тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару саласында 98 млрд 700 млн теңгеге бағаланған 9 жоба, Қызылорда қаласында шетелдік компаниялардың қатысуымен 2 ірі жоба жүзеге асырылуда.

/// БІЛІМ

ЖЕКЕ МЕКТЕПТЕР ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Жуырда Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен кеңесте әлеуметтік қолдау жүйесін жетілдіру мен жекеменшік мектептерді қаржыландыру тетіктерін қайта қарау мәселелері талқыланды. Жиын Мемлекет басшысының бюджет қаражатын цифрландыру арқылы тиімді пайдалану жөніндегі тапсырмаларын орындау барысына арналды.

Бұған дейін мемлекеттік білім беру тапсырысына бөлінетін қаражаттың ашықтығын арттыру мақсатында «Қаржы орталығы» АҚ Қаржы министрлігіне берілген еді.

Қаржы министрі Мәди Такиевтің айтуынша, e-Qazuna.kz порталында іске қосылған OtaBilim сервисі білім беру мекемелерінің қызметін автоматты бақылауға мүмкіндік береді. Жүйе рұқсат құжаттарын, оқушылар санын, мектеп қуаттылығын салыстырып, деректердің дұрыстығын тексереді.

3-бет



ШАХТАДАҒЫ ДЕСАНТ

Жұмыстың оңайы жоқ. Әр саланың өз қиындығы бар. Сондай мамандықтың бірі – тау-кен саласы. Кенші болуды бала күнінен армандаған талай жас бүгінде жер астында еңбек етуде. Солардың бірі – Жасұлан Зареров. Ол Жаңақорған ауданының тумасы. Мектепті бітіргеннен кейін Кентау қаласындағы колледжден тау-кен ісі мамандығын меңгерді.

2017 жылы «ШалқияЦинк ЛТД» АҚ мекемесіне жұмысқа қабылданды. Қазір кен орнында тас таситын көлікті тізгіндейді.

– Кен орнына жұмысқа тұру үшін түйіндеме қалдырдым. Кейін хабарласып, шақырды. Алғашында оңай болған жоқ. Біраз қиналғаным да рас. Алайда жанымдағы әріптестерім қолдау білдіріп, білгендерін үйретті. Осы техниканы жүргізген маман бағыт-бағдар беріп, қыр-сырын үйретіп, шыңдады.

Бірақ қорқыныш сезімі болмады. Мен борышымды десанттық әскер қатарында өтедім. Талай рет парашютпен секірдім. Нақты айтар болсам, вертолеттен 10, ұшақтан 2 рет секірген болатынымын. Сондықтан биік пен тереңнен

қорықпаймын. Мұнда келген кезде осы 30 тонналық техникаға отырдым. Ол шахтадан тас тасымалдайды. Қанша тереңдіктен қазылып жатыр, сол аумаққа түсеміз. «САТ» деген техника бар. Ол тасты машинаға тиіп береді. Тиелген тасты жердің үстіне шығарамыз. Мәселен, күніне 10-12 рейс жасаймын. Бұл техникаға байланысты. Егер бұзылса одан аз болуы мүмкін. Жұмыс вахталық әдіспен, он бес күн істеп, он бес күн демаламын. Келесі жұмысқа түскенде түнгі ауысымға шығамын. Жолдың бәрі қараңғы, машинаның жарығына қарап отырамыз. Шахтаның 100 метр тереңдігінде техника мен құрал-жабдықтарды жөндейтін орын бар. Егер баллон ауыстыру керек болса, сол жерде

барлық техникалық қызмет көрсетіледі. Темірі сынса, токарлар жонып, қайта қалыпқа келтіріп береді, – дейді ол.

Жасұлан өзінің ісін мақтан етеді. Шаруасына ұқыпты, жауапкершілікті сезінеді. Себебі жер астында қатаң қауіпсіздік шарасын сақтамаса болмайды. Ол бүгінде тәжірибелі маман. Өзінен кейін келген жастарды баулып, шеберлігін шыңдауда.

– Жұмысым өзіме ұнайды. Бұл – әлемдегі ең ірі кен орындарының бірі. Қаншама адам еңбек етеді. Жұмыс күнделікті қайнап жатады. Техниканың гүрілдеген даусы, тасты жару біз үшін қалыпты жағдайға айналған. Жұмысшылар үшін барлық жағдай жасалған. Күнделікті медициналық тексеруден өтеміз. Жұмыс формасы, ыстық тамақ, жатын орын, бәрі де қарастырылған. Келешекте шахтаның өзге де аумағында жұмыс істеп көргім келеді, – дейді ол.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

Валюта бағамы: \$ 518,4 kzt

€ 598,13 kzt

₸ 6,55 kzt

Ауа райы: Бейсенбі

+14°

-1°

Жұма +11°

-1°

«ҚЫЗЫЛОРДА-ЖЕЗҚАЗҒАН» АВТОЖОЛЫ: ТАБАНДЫ ІСТІҢ ТАРИХИ СӘТІ

Бұрынғы өткен бабалардан қалған «Бақ, қайда барасың, ынтымағы жарасқан елге барамын», – деген жақсы сөз бар. Әрдайым бірлігіміз бекем, ынтымағымыз ырысты болсын! Жүргізушілер мен жолаушыларға әрдайым ақ жол, сәт сапар тілейміз! Жаңа жол берекенің бастауы болғай, – деді Нұрлыбек Машбекулы.

Рәсімде «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ баскарма төрағасы Дархан Иманашев, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев құттықтау сөз сөйледі.

– Бұл – тек жол ғана емес, өңірдің дамуына, тұрғындардың өмір сүру сапасының артуына, қалалар арасындағы сауда-экономикалық байланыстың нығаюына жол ашатын маңызды инфрақұрылымдық жоба. Бүгін жалпы ұзындығы 400 шақырымнан асатын «Қызылорда-Жезказған» автобанының Қызылорда облысындағы 192 шақырымдық бөлігін іске қосып отырмыз. Ал Ұлытау облысына келсек, келісім-шартта екі аралықтағы жолдың салынып бітуі 2027 жылдың аяғына жоспарланған. Бірақ келер жылдың соңына дейін осы облысқа қарасты 208 шақырым құрылысты бітіру жоспарланып отыр. Қазір Ұлытау өңіріндегі құрылысқа 4 мердігер компания



тартылды. 8 нысан бойынша құрылыс жүреді. Биыл осы 208 шақырым жолдың 50 шақырымына асфальт қабаты төселеді, – деді «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ Баскарма төрағасы Дархан Иманашев.

Төрағаның айтуынша, Қызылорда өңірінде жол құрылысын жүргізген компаниялар Ұлытау аумағы бойынша да конкурста түскен. Аталған мердігерлердің кейбірі тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес, жеңімпаз атаныпты.



/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ БАРЫСЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ



Суретті түсірген: Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өңірлік инвестициялық штаб отырысы өтті. Күн тәртібінде инвестициялық жобаларды іске асыру барысы қаралды.

Штаб құрамына Президент Әкімшілігінің өкілдері, облыс прокуроры, облыстық басқармалар мен аумақтық департаменттер, «Қазақ Инвест» ұлттық компаниясы, кәсіпкерлер палатасы, салық органдарының басшылары енгізілген.

Аймақ басшысы жауапты сала жетекшілеріне, қала және аудан әкімдеріне жобалардың орындалуын жеделдету жөнінде нақты тапсырмалар жүктеді.

– Мемлекет басшысы тапсырмасына сәйкес еліміздің инвестициялық ахуалын жақсарту мақсатында Ұлттық цифрлық инвестициялық платформа жұмыс жасауда. Оның қызметі Үкімет басшысының тікелей бақылауында.

Платформа жұмысын сапалы әрі уақытылы жүргізу керек. Пулга енгізілген жобаларға тұрақты мониторинг жүргізіп, іске асыру барысын бақылау, қолдау

көрсету, одан туындайтын мәселелерді дер кезінде шешуіміз қажет.

Жобалардың «қызыл аймаққа» түспеуін қатаң бақылауға алыңыздар. Аталған жұмыстардың нақты орындалуына баскарма басшылары, қала және аудан әкімдері тікелей жауапты болады, – деді облыс әкімі.

Басқосуда облыстық кәсіпкерлік басқармасының басшысы, Жалағаш, Сырдария, Қармақшы аудандарының әкімдері баяндама жасап, инвестициялық жобалардың қазіргі ахуалына тоқталды.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес облыста инвестициялық ахуалды жақсарту бағытында жүйелі жұмыс жүргізілуде. Биыл өңірге 631,4 млрд теңге инвестиция тарту жоспары бекітілген болса, 10 айдың қорытындысымен 602,7 млрд теңге игеріліп, меже 95,5 пайызға орындалды. Жыл соңына дейін инвестиция көлемін 720 млрд теңгеге жеткізу көзделген.

Экономиканы әртараптандыру мақсатында 2,8 трлн теңгенің 94 жобасы жүзеге асырылуда. Олар іске қосылғанда 11 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады. Пул жалпыұлттық және өңірлік жобалардан тұрады.

Биыл облыста 27 ірі жобаны ел игілігіне айналдыру жоспарланған. Қазір оның 12-сі пайдалануға берілді. Өңірлік пулга енгізілген 27 шағын жоба болса, оның 23-і жүзеге асты, қалған 4-еуі жыл соңына дейін іске қосылады.

– Өздеріңізге белгілі, Қызылорда аумағындағы жол құрылысын 5 компания жүргізді. Оның төртеуі – қытайлық, ал біреуі – отандық «Қыран» мердігер мекемесі. Қазіргі уақытта екі қытайлық компания Ұлытау аумағындағы жол құрылысын жүргізуде. Олар біздің ереже-талаптарымызбен бұрыннан таныс. Әрі жер жағдайын жақсы түсінеді. Екіншіден, олар барлық өз техникаларын көшіруде аса қиындық тудырмай жоқ. Өйткені, құрылыс жүретін аумақ өзара жақын орналасқан. Бұл – жол құрылысын жеделдетуге үлкен мүмкіндік, – дейді ведомство басшысы.

Қуанарлық жаңалықтың бірі – «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автобанының «Қызылорда-Сексеулі» бағытына қатысты. Аталған жолдың екі жолақты болуы әрі жол апаттарының жиі орын алуына байланысты халық ұсынысын Президент қолдады. Мемлекет басшысы 2023 жылы Сыр бойына сапары кезінде арнайы тапсырма да берді. Енді биыл жыл соңына дейін аталған жолдың конкурстық жұмыстары аяқталмақ, Дархан Иманашевтың сөзіне сенсек, екі жолақты жолды төрт жолаққа айналдыру жұмыстары қаңтар-ақпан айларында басталып кетуі тиіс.

Сонымен қатар, қазір «Қызылорда-Жезказған» жолын «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автодалізіне қосатын 25 шақырымдық айналма жол салатын мердігер мекеме анықталуда. Жақын арада құрылыс басталады. Жоба құны – 46 млрд 3 млн теңге.

Жалпы «Қызылорда-Жезказған» жолының ашылуы келесі жылға жоспарланғаны белгілі. Бірақ халық сұранысы ескеріліп, мерзімінен бұрын пайдалануға берілді. Сондай-ақ бұрын сапарға шыққандар екі аралықта 20 сағат жол жүретін. Енді жаңа жолға түскен жолаушылар 16 сағатта, ал Ұлытау облысының аумағындағы жол құрылысы аяқталса, Астанаға бағыт алған көлік 12 сағатта жететін болады.

Айта кетейік, шарада «Қызылорда-Жезказған» автожолының құрылысын сапалы жүргізуге атсалысқан мердігер компания өкілдері, сондай-ақ жол саласын дамытуға елеулі үлес қосқан сала ардагерлері мен мамандары марапатталды.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

ТЕКСЕРУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен өткен облыстық прокуратураның алқа отырысында жер заңнамасының сақталуына жүргізілген тексеру қорытындысы талқыланды. Оған барлық құқық қорғау органдарының бірінші басшылары және мүдделі мемлекеттік органдардың жетекшілері қатысты.

Жиында жеке тұрғын үй құрылысына жер бөлу кезектілігін реттеу, Бас жоспар талаптарының сақталуын қамтамасыз ету, заңсыз иеленген жерлерді түгендеу, су қорғау аймақтары мен белдеулері туралы мәліметтерді қалдастр жүйесіне енгізу, ауыл шаруашылығы дақылдарының ротациясын сақтау мәселелері жан-жақты талқыланды.

Сонымен қатар, облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағамбет, облыс прокурорының орынбасары Нұрболат Дүйсенбаев, облыстық жер ресурстарын бақылау инспекциясының басшысы Марат Көшекөв баяндама жасады.

Қорытындысында саладағы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында бірлескен іс-шаралар жоспарын бекіту туралы шешім қабылданды.

Осындай қабылдау Жалағаш ауданындағы «Руханият орталығында» да өтті.

Ашықтық қағидатына негізделген қабылдауға жазылғандардың басым бөлігі көшелерді, әлеуметтік нысандарды жөндеу мен жұмысқа орналастыруға қатысты мәселелерді қозғайды.

Мысалы, зейнеткер Ақсу ауылдық округінің ішкі көшелерін, аудан тұрғыны Жалағаш кентіндегі Қ.Қазантаев атындағы мәдениет үйін күрделі жөндеу туралы өтінішін жеткізді.

Облыс әкімі сала басшыларына тиісті тапсырмалар беріп, заң аясында шешім қабылдау қажеттігін айтты. Қабылдауда жалпы саны 40-тан астам азаматтың өтініші қаралды. Ал облыс әкіміне 15-тен астам тұрғын өз сұрақтарын қойды. Сонында облыс әкімі ардагерлермен кездесіп, ой-пікірлерін, ұсыныстарын тыңдады. Өңірдегі бастамалар, атқарылған жұмыстар және кезегін күткен мәселелер туралы айтты.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

/// ДЕПУТАТ МІНБЕРІ

Қайрат НҮРСЕЙІТОВ,
облыстық мәслихат депутаты:

ТАБЫСҚА ЖЕТКЕН АДАМ ҚАШАНДА ҚҰРМЕТТІ

Қайрат Нұрсейітов сайлаушылар аманатын арқапай, Қызылорда облыстық мәслихатының депутаты болып «AMANAT» партиясынан сайланған. Ол ұзақ жылдан бері аймақтың ауыл шаруашылығы саласында жемісті еңбек етіп келеді. Жақында халық қалауысымен сұхбаттасудың сәті түсті.



– Қайрат Болатұлы, біз сізді облыстық мәслихат депутаты және ауыл шаруашылығы саласының белді өкілі ретінде танимыз. Сондықтан сұхбатымызды облыстың аграрлық секторының даму тенденциясынан, су тапшылығы мәселелерінен бастасақ ...

– Сыр өңірі – аграрлы аймақ. Соңғы жылдары облысымыз индустриалды өңір ретінде де жақсы дамып, шағын және орта бизнес өркендеп, ірі кәсіпкерлік кешендер салынып, жаңа жобалар жүзеге асуда. Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуында аймақ дикандарының еңбегі зор. Жасыратыны жоқ, су тапшылығы жылдан-жылға күрделеніп келеді. Биыл облыс бойынша 189600 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары, оның ішінде 80 900 гектарға күріш егілді. Қиындықтарға қарамастан күріш көлемін барынша шығынсыз сақтауға қол жеткіздік. Дер кезінде қабылданған батыл шешімдер мен жүргізілген келіссөздердің арқасында егін алқаптары сумен қамтамасыз етілді. Сырдария өзеніндегі су деңгейінің төмендеуіне байланысты Сыр өңірінің егін шаруашылығында әртараптандыру жұмыстары жанданып, су үнемдеу технологиялары кеңінен енгізілуде. Аграрлық секторды дамыту – басым бағыттардың бірі. Бұл саланың әлеуеті зор.

– Депутат ретінде қандай мәселелерді көтеріп жүрсіз?

– Ең алдымен, халыққа қажетті инфрақұрылымды жетілдіруге мән беріп келеміз. Оның ішінде әлеуметтік нысандар салу, жол жөндеу, газдандыру, халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету, жаяу жүргіншілер жолын салу мәселелері бар.

– Өңірдің ең өзекті мәселесі ретінде негізгі айтпақ ойыңыз?

– Бұл «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автожолын төрт жолақты ету мәселесі еді. Жұмыс қазір орындалу үстінде. Үлкен жолдың бойында қаншама ауыл бар, жолдың кеңейгені қай жағынан да тиімді. Қалған мәселелер кезек-кезеңімен реттеліп жатыр.

– Жұмысың маамандықтар жылының маңызы туралы не айтасыз?

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы 2025 жылы «Жұмысың маамандықтар жылы» деп жариялап, «Біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбеккер және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз. Адал әрі табанды еңбекпен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек» деген болатын. «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатын ұрпақ санасына сіңіру, насихаттау, қарапайым еңбек адамдарын дәріптеу – біздің басты мақсаттарымыздың бірі. Сыр елінің даңқын асқатқан дала академигі Ыбырай Жақаев бастаған 102 Социалистік Еңбек Ерінің және тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстанның Еңбек Ерлерінің жетістіктері аңызға айналды. Саналы ғұмырында туған жеріміз үшін аянбай еңбек еткен ардақты ардагер ағаларымыз бүгін ортамызда. Осы орайда аймақ дамуына зор үлес қосқан жұмысшы мамандық иелеріне шынайы алғысымды білдіремін. Еңбек адамдары мен сала үздіктеріне құрмет көрсету – ортақ парызымыз.

– Облыстық мәслихатта аудандардағы өзекті мәселелер қиындықты жеткізетіндері? Өзіңіз қандай мәселелер көтеріп, шешілуіне ықпал ете аламыз?

– Аудандардағы өзекті мәселелер – газдандыру, инфрақұрылымды жетілдіру, халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету. Бір ғана Сырдария ауданында соңғы жылдары Қалжан ахун, С.Сейфуллин, А.Тоқмағамбетов, Н.Ильясов, Шаған ауылдары газға қосылды. Қазір Ақжарма ауылында жұмыс басталуда. Кезек-кезеңімен қалған елді мекендерге де жеткізілетін болады. Ал баспанамен қамту, инфрақұрылымды жетілдіру жұмыстары әр ауданда қарқынды жүргізіліп жатқанын өздеріңіз білесіздер.

– Жалпы, депутаттыққа бет бұруыңыздың себебі неде?

– Бұл – халықтың аманаты мен сенімі. Депутат болу мақсатым да, арманым да болған емес. Ең бастысы, өзіміз туып-өскен өңірге қызмет ету, халық игілігі жолында жұмыс істеу.

– Қабылдауыңызға келген адамдарды көбіне не толандырады?

– Қабылдауларым «AMANAT» партиясының Сырдария аудандық филиалында өтеді. Азаматтар түрлі мәселелермен келеді. Бірі жұмыс, бірі әлеуметтік көмек сұраса, енді бірі заң аясында кенес алады. Әр мәселені мұқият тыңдап, оны шешуге атсалысамыз.

– Алдағы жоспарларыңыз қандай?

– «Ауыл аманаты» жобасы аясында Ақжарма ауылынан жаңа кәсіптік нысан салып, елді мекендегі шағын және орта кәсіпкерлікті жандандыруға бет бұрып жатырмыз. Бұйырса, игілігін ел-халық көреді, сезінеді. Жоспарлы жұмыстар қатарында ауданның табиғи газ бармаған ауылдарын газдандыруға қолдау көрсету де бар. Сондай-ақ аграрлық секторды дамыту басым бағыттардың бірі болып қала береді.

Сұхбаттасқан
Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»



Конак ТӨТЕНОВА

ЖЕКЕ МЕКТЕПТЕР жауапкершілігі

Тексеру барысында айтарлықтай заңбұзушылықтар анықталған. Онда 745 жекеменшік мектептің 155-і өз кірісін жасырған. Цифрландырылған 427 мектептің 30%-ы өз қызметін максатқа сай жүргізбеген. Мысалы, Түркістан облысында мектеп ретінде тіркелген нысан – тойхана, Шымкентте сауда орталығы болып шыққан. Бұған қоса 64 мекемеде оқушы саны жобалық қуаттылықтан екі есеге артық. Алматы облысында 60 орындық мектепке 702 оқушы қабылданған. Ал Астанада 241 орындық мектеп құжаттарында 1 003 оқушы көрсетілген. Жалған мұғалімдер мен қосарланған қаржыландыру фактілері жиі тіркелген.

ОртаБілім жүйесі мұндай зансыздықтарға тосқауыл қойып, бюджет қаражатын максатсыз жұмсауды болдырмауға бағытталған. Бүгінде жекеменшік мектептердің 86%-ы жаңа жұмы арқылы авторизациядан өтті. Келесі жылдың қаңтарынан бастап қаржыландыру толықтай жаңа талаптармен реттеледі.

Олжас Бектенов жағдайдың өзе күрделі екенін айтып, жауапты органдарға тәртіп орнатуды тапсырды. «Мемлекет жоқ оқушылар үшін жиі ақша төлеп келгені белгілі болды. Бұл салада зансыз индустрия пайда болды. Бірде-бір тенге жосықсыз адамдардың қалтасына түспеуі тиіс», – деді Премьер-министр.

Кейінгі кезде елімізде балабақша мен мектептердегі орын тапшылығы жекеменшік сектордың қарқыныда дамуына жол ашты. Сарапшылар пікіріне сүйенсек, қазіргі кезде жекеменшік мектептерді ашу науқанға айналып кеткендей. Сала мамандары қауіптің алдын алуға, бала тағдырына немқұрайды қарамауға қатысты талаптардың қатан бақылауда болуын қалағалаудың маңызды екенін айтады. Сондықтан жекеменшік мектептер жүйесінің ашықтығын қамтамасыз ету бағытында кешенді жұмыстарды іске асыру қажет.

«Қаржысы тексерілмей, төленген»

Расында кейбір мейрамхана, дүкен, коттедждер балабақша немесе жекеменшік мектеп ретінде жұмысын жалғастырып жатқанын көргенде, қынжыласың. Олардың қатарында ғимаратын қомақты қаржыға жалға беріп, тек пайда көздеп отырғандары да бар. Осылайша, көп кәсіпкер қалтасын ғана ойлап, білім мәселесін екінші орынға ысырып қойғаны жасырын емес. Бұл туралы Мәжіліс депутаты Мұрат Әбенов паракшасында жекеменшік мектептердің 57%-ы заман талабына сай емес екенін айтты.

– Бұны Жоғарғы аудиторлық палатаның тексерісі дәлелдеді. Қолымызда анықтама бар. Ғимараттардың сапасы сәйкес келмейді, арнайы салынбаған, санитарлық талаптар, балалар отыратын бөлмеде таза ауа (вентиляция), температуралық норма, күн сәулесінің түсуі, өрт қауіпсіздігі сақталмаған. Оқу стандарттары бойынша құрал-жабдықтар – лабораториялар, арнайы кабинеттер, компьютерлік технологиялар жетіспейді. Мұғалімдердің білім дәрежесі сәйкес емес. Оқымаған баланы оқыды деп есеп берген. Өкінішке қарай, соңғы жылдары Оқу-ағарту министрлігі жанындағы Қаржы орталығы арқылы жеке мектептердің қаржысы тексерілмей төленген. Артық, зансыз кеткен қаржы қайтарылмаған. Мектеп иелеріне іс қозғамаған, миллиардтаған ұрланған ақшаны әлі қайтарымаған», – дейді.

Ал әлеуметтанушы Нұрлыбай Қошамұлы былай деп пікір білдірген.

– Жалпы жеке мектептер мен жеке балабақшаларға бюджеттен ақша аударудың артында жемқорлық, бюджетті негізсіз шығындау белгілері бар. Министр айтқандай мұны тоқтату керек. Бюджеттен бөлінген миллиондарды «олар» бөліседі. Мәселен Ақтөбе облысының ауылдарында бүгінде біраз балабақша «қаржы жоқ» деген желеумен жабылудың алдында тұр. Кейбіреуін «онтайландырамыз» деген себеппен орта мектептерге қоспадық. Ал мұндай оттайландыру ауыл демографиясына кері әсерін беріп, халықтың үдере көшуіне қозғау болуда. Осы жерде «бюджеттен қаралған миллиондар қайда

кетіп жатыр?» деген заңды сұрақ туындайды. Шынын айтуымыз керек, елді жиі аралаймыз, сонда көргенімді айтамын. Ауылдық жердегі балабақшалар күрделі жөндеу көрмеген. Ауыл балабақшаларының біразы кеңес заманынан қалған саманнан (саз балшықтан) салған ескі кешендерде отыр. Неге? Өкініштісі, кейінгі жылдары заманауи балабақшаларды қала мен аудан орталықтарында ғана салу белен алған. Алыс ауылдарға салу мүлдем жоқ, тоқтаған. Әлеуметтік әділеттік қайда? Айтарым, бюджеттен жекелерді қаржыландыруды қысқартып, мемлекеттік балабақшалар мен мемлекеттік орта мектептер ғана қаржыландырылуы керек. Әлеуметтік кешендерді қала мен аудан орталықтарына ғана тұрғыза бермей, бөлінген қаржыға әсіресе ауылдарға заманауи жаңа типтегі балабақшаларды сала бастауымыз керек, – дейді ол.

Қанша жеке білім беру ошағы бар?

Оқу-ағарту министрлігінің Қаржы және бюджетті жоспарлау департаменті 2026 жылға қарай мектептердегі орын тапшылығы 1 млн 100 мыңға жетуі мүмкін екенін мәлімдеген. Осы себепті де болар қазіргі уақытта жекеменшік мектептердің саны артып келеді. Мәселен, 2022 жылы елде 408 жекеменшік мектеп жұмыс істесе, 2024 жылы олардың саны 563 ке жеткен.

Облыста кейінгі жылдары жекеменшік мектептердің саны артып келеді. Мұндай мектептер оқушыға стандартты білім беру жүйесінен тыс жаңа мүмкіндіктер ұсынатын көрінеді. Мәселен, Тасбөгет кентінің тұрғыны Жазира Жанетова қызы Еңлікті мемлекеттік мектептен жекеге ауыстыруына бірнеше себеп болғанын айтады.

– Қызым бес жыл бойы кенттегі мектепке барды. Бастауыш сыныпта үздік оқыды. Одан кейін бесінші сыныпта тек бір сабақтан ғана төрт болып, қалғанын беске аяқтады. Сынып жетекшісі өзінің сабағынан төрт қойыпты. Соған реніш білдіріп, биылдан бастап «Бәйтерек» жеке мектебіне ауыстырып алдым. Мектептің білім беруі, мұғалімдердің оқушымен, ата-анамен қарым қатынасы маған ұнады. Өзінің үздік оқитынын дәлелдеді. Мектептің іші қай кезде де таза, ішінде балалар ішуге арналған фильтрленген ауызеуы бар. Жалпы балаға қай мектепте жағдай жақсы жасалған болса, ата-ана сол білім ордасын таңдайды. Бір мезгіл ғана баратын болғандықтан, біз тегін оқу тобына тіркелдік, – дейді анасы.

Иә, қазір ата-ана үшін де, бала үшін де таңдау мүмкіндігі көп. Қандай білім аласыз, ақилы не ақысыз оқу тобына барасыз ба? Қосымша үйірмеге қатысасыз ба? Талапқа өз еркіңізде. Тек ынта мен талапқа сай білім ошағын дұрыс тапсаңыз болғаны.

Алғашқы мемлекеттік емес мектептер қашан пайда болды?

Жалпы, жеке мектеп ашу елімізде қай кезден бастау алды? Оны ашудағы негізгі міндет қандай еді? Ал қазір ше? Деректерге көз жүгірте отырып, елдегі алғашқы мемлекеттік емес мектептердің 1992 жылы пайда болғанын білдік. Олардың қатарында «Архимед мектебі», «Көк желкен», «Сенім», «Диалог», тағы басқа қауымдастырылған мектептер бар. «Көкіл» алғашқы жекеменшік қазақ мектебі 1995 жылы Алматы қаласында пайда болды. Ал Қызылордада «Парасат» мектебі бар.

Қазақстандағы жеке мектептер 90-жылдардан дами бастады. Елдегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен қатар, білім беру саласында да жаңашылдықтар орын алып, олардың қалыптасуына мемлекеттік мектептердегі орын тапшылығы мен оқу сапасына деген халықтың сұранысы негіз болған көрінеді. Ата-аналар балаларын әрі заманауи білім беретін оқу орындарына оқытуға ынта танытты.

Бүгінде жекеменшік мектептердің дамуын үш кезенге бөліп қарастыруға болады. 1990 жылдар – жекеменшік

мектептердің алғашқы кезеңі. Бұл кезеңде мектептер аз болды және көбінесе шетелдік стандарттарға сәйкес жұмыс істеді. Бастапқыда тек ірі қалаларда ашылды. Кейін 2000 жылдары жеке мектептер саны арта бастады. Оқу барысында инновациялар мен халықаралық бағдарламаларды енгізу үрдісі басталды. Мұндай мектептерде ағылшын тілін тереңдетіп оқыту, IT технологиялар, кәсіпкерлік негіздері сияқты пәндер қосылды. Ал 2010 жылдардан бастап білім берудің түрлі бағыттарын ұсынылды. Мемлекет те бұл секторды қолдап, лицензиялау, аккредитациялау сияқты рәсімдерді оңтайландыруда. Жеке мектептер халықаралық сертификаттарға ие болып, кейбіреулері әлемдік деңгейдегі білім бағдарламаларын (IB, Cambridge, т.б.) қолдана бастады.

2024 жылы Қазақстанда жеке мектептердің саны 500-ден асып, жыл сайын өсіп келеді. Олар қалаларда, әсіресе, Астана, Алматы, Шымкент сияқты ірі өңірлерде шоғырланған. Бұл мектептер әртүрлі білім беру бағдарламаларын ұсынады, ал ата-аналар балаларын дәстүрлі емес, бірақ сапалы біліммен қамтамасыз етуге ұмтылады.

Шетелдегі жеке мектептер желісі

Дамыған елдердегі (АҚШ, Ұлыбритания, Канада, Сингапур) жеке мектептер – орталықтанған, академиялық деңгейі жоғары, халықаралық бағдарламалар (IB, AP, A-levels) көп. Бағасы өте жоғары, бірақ қаржылық көмектер (scholarship) қарастырылған мектептер бар.

Еуропада (Финляндия, Швеция, Германия) мемлекеттік мектептер де бәсекеге қабілетті, жеке мектептер көбіне ерекше бағдарламалар үшін таңдалады.

Шығыс Азияда (Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея) білімге талап өте жоғары, жеке мектептер жиі академиялық дайындық пен емтиханды дайындауға бағытталған.

Таяу Шығыста (БАӘ, Катар) халықаралық деңгейдегі жеке мектептер қарқынды дамыды (көп жағдайда ағылшын тілінде және халықаралық оқулықтармен).

Орталық Азия мен Ресейде соңғы 10-15 жылда жеке мектептер саны өсті, кейбір ірі қалаларда элиталық және халықаралық мектептер пайда болды.

Біз осы арада 24KZ телеарнасының Лондондағы меншікті тілішісі, әріптесіміз Ғалымжан Қараманұлымен байланысып, шетелдегі жеке мектептер желісі туралы сұраған едік. Оның айтуынша, Ұлыбританияда жеке мектептер жүйесі жақсы дамыған, бірақ онда бар болғаны шамамен балалардың 7-8% ғана оқиды. Көпшілігі мемлекеттің тегін мектептерінде білім алады.

– Жеке мектептердің оқу ақысы өте қымбат: жылына орта есеппен 15–25 мың фунттың төңірегінде, ал интернаты бар мектептерде 40 мың фунттан да асып кетеді. Сондықтан оларды негізінен ауқатты отбасылар таңдайды. Білім беру сапасы да керемет. Оны бітіргендердің рейтингісі биік, топ университеттерге түсу мүмкіндігі жоғары. Өз балаларымды мемлекеттік мектепке бердім. Мұнда деңгейі жаман емес, білікті мұғалімдер, тегін білім, қосымша үйірмелер бар. Сол себепті Ұлыбританияда сапалы білім алу үшін міндетті түрде қымбат жеке мектепке бару шарт емес деп ойлаймын, – дейді ол.

Білім сапасының нәтижесі – сәулетімен көз тартар ғимараттар емес, білікті басшы, білімді мұғалім, жаңа технологиялар сияқты бір-бірімен тығыз байланысқан жүйенің тиімді жұмыс істеуі. Жекеменшік мектептер білім кеңістігінде өзара ықпалдасудың үлгісіне айналуға тиіс. Оқушылардың, мұғалімдердің жетістіктері, әлеуметтік белсенділігі мемлекеттік және жекеменшік мектептердің арасындағы бәсекелестік емес, сапалы білімнің жоқжүйесіне айналғаны абзал. Ал білім беру ісі бизнес емес, елдің болашағы екенін қаперден шығармайық.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

МОНУМЕНТ ОРНАТУДЫҢ ҚАҒИДАСЫ БАР

Атырау қаласында өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы елімізде тұлғаларға ескерткіш орнату мәселесіне назар аударып, айрықша атап айтқаны белгілі: «Соңғы кезде ата-бабасының, жерлесінің есімін ұлықтауды сұрап, ұжымдық хат жазу әдетке айналып барады. Атасына ескерткіш қояды, көшеге атын беруді өтінетіндер көбейді. Бұл – жағымсыз жағдай. Мұндай ұстанымдар еліміздің біртұтас идеологиялық кеңістігіне зиян келтіреді. Ұрпақ тәрбиесіне кесірін тигізеді. Тіпті шетелде бізді көне заманға және көнестік кезеңге қатысты монументтер қаптаған «Ескерткіштер елі» деп айтатын болды» деді Президент.

Ежелгі Сыр бойында өмір сүрген данышпан Қорқыт баба, Жалаңтөс баһадүр, Өйтеке би, Жанқожа, Бұқарбай батырлар, Мұстафа Шоқай, Темірбек Жүргенов, Ғани Мұратбаев сияқты қазақтың біртуар ұлдарына тұрғызылған еңселі ескерткіштердің ел тарихындағы орны және оған деген құрмет – адамды елдің азаматы мен патриоты ететін басты түпқазық. Өз өлкесінің тарихына енген биік тұлғалы, қасиетті есімдерді ұлықтау мақсатында ескерткіш орнату ел мүддесіне ортақ іс ретінде құптарлық. Десек те, өз ата-баба есімін ұлықтау мақсатында ескерткіш орнатуды бастамашы ететін белгілі тұлғалардың ұрпақтары, қоғам қайраткерлері және басқа да белсенділер екені даусыз.

Президент Жолдауында трайбализмнің (рушылдық, қоғамдық жікке бөлінушілікті тудыратын этнос ішіндегі ру-тайпалар мен жеке адамдар бойындағы тайпалық, рулық сезім) алдын алу үшін: «Соңғы уақытта тек бір өңірде белгілі адамдарға ескерткіштер қою үрдісі байқалады. Жергілікті комиссиялар бұған жол бермеуі керек. Республикалық комиссия заңсыз шешімдердің алдын алуға тиіс. Егер барлығы тек ата-бабаларына ескерткіштер қойса, елде трайбализм мен жершілдік орнайды. Бұл мәселеге мұқият назар аудару қажет» деген болатын. Сондықтан ескерткіштерді орнату кезінде заңды болуына, әлеуметтік салдардың пайда болуына жол бермеу керек екенін түсіну өте маңызды.

Ескерткіштер өзіндік мәдениеттің дәстүрлері мен құндылықтарын сақтау және көбейту арқылы ұрпақтар сабақтастығының дәнекері саналады. Олар мәдени мұраның маңызды компоненттерінің бір ретінде әлеуметтік функцияларды орындайды, ғылымды, білім мен

мәдениетті дамыту, патриотизм сезімін қалыптастыру, идеялық-адамгершілік және эстетикалық тәрбие беру мақсаттарына қызмет етеді.

Осы мақсатта Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 28 сәуірдегі №103 бұйрығымен шыққан «Монументтік өнер құрылыстарын орнату қағидаларын бекіту туралы» ережесіне бірқатар маңызды өзгеріс енгізілді.

Жаңа қағида монументтік өнер құрылыстарын орнату жұмыстарын заңнама шеңберінде жүргізуге бағытталған. Сондықтан қағидада қамтылған маңызды талаптар жөнінде жұртшылыққа баяндауды жөн көріп отырмыз.

Осы қағидаға сай монументтік өнер құрылыстарын орнату жөніндегі жұмыс төмендегі талаптарға сәйкес жүргізіледі:

Бірінші, құрылысты орнату Үкіметтің 1999 жылғы 28 қыркүйектегі № 1465 «Мерейтойлар мен атаулы күндерді мерекелеу туралы» қаулысымен айқындалған көрнекті тұлғалардың мерейтойлық және атаулы күндеріне орайлас-тырылады. Осы қаулыға сәйкес жаңа ескерткіштер белгілі тұлғалар мен айтулы оқиғалардың жүз жылдығына, одан кейін әрбір ширек ғасырлық жылда орнатылады.

Екінші, құрылыстарды заңды немесе жеке тұлғаларға тиесілі жекеменшік ұчаскелерде орнатуға ты-йым салынады.

Үшінші, бір елді мекенде жеке бір тұлғаның немесе тақырыптық маңызды тарихи оқиғаға арналған бір ғана құрылыс орнату қарастырылған.

Төртінші, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары (ЖАО) құрылыс бойынша жұмысты жоспарға сай жүр-

ЖОБА «Қызылорда облысының елді мекендерінде үй жануарларын ұстау және серуендету қағидаларын бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2022 жылғы 12 қазандағы № 144 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ** ҚАБЫлдады: 1.«Қызылорда облысының елді мекендерінде үй жануарларын ұстау және серуендету қағидаларын бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2022 жылғы 12 қазандағы № 144 шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының	
« » _____ 2025 жылғы	
№ _____ шешіміне қосымша	
Қызылорда облыстық мәслихатының	
2022 жылғы 12 қазандағы № 144 шешімімен бекітілген	

Қызылорда облысының елді мекендерінде үй жануарларын ұстау және серуендету қағидалары

- Жалпы ережелер
- Осы Қызылорда облысының елді мекендерінде үй жануарларын ұстау және серуендету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Қазақстан Республикасы Заңына (бұдан әрі – Заң), үй жануарларын ұстау және серуендетудің үйлік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы «Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі 2022 жылғы 20 мамырдағы №168 бұйрығы сәйкес өзгерткен және Қызылорда облысы аумағында үй жануарларын ұстау және серуендету тәртібін белгілейді.
- Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар мен терминдер пайдаланылады:
 - жануардың иесі – жануар меншік құқығымен немесе өзгедей заттық құқықпен тиесілі болатын жеке немесе заңды тұлға;
 - жауапты адам – жануар иесінің осы Заңда белгіленген құқықтары мен міндеттерін жануар иесінің жағдайына тапсырмасы бойынша өзіне алатын адам;
 - иттерге арналған үйрету алаңы – иттерді үйрету үшін арнайы бөлінген, жаттығуға арналған арнаулы құралдармен жабдықталған қоршалған аумақ;
 - үй жануарлары (компания жануарлары) (бұдан әрі – үй жануарлары) – қай түрге жататынына қарамастан, адам эстетикалық қажеттіліктері мен қарым-қатынас қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін дәстүрлі түрде асыратын және өсіретін жануарлар;
 - үй жануарларын серуендету – жануар иесінің және (немесе) жауапты адамның жануарды ұстау орнының ішінген тыс жерге шығаруды көздейтін және жануардың қозғалыс белсенділігіне, табиғи қажеттіліктерін атқаруға деген физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған әрекеттері;
 - үй жануарларының (иттердің) еркін жүруі – жануардың тұмалдырықсыз және қарғыбаусыз ұстау иесінің қатысуымен үй-жайынан немесе аумағынан тыс жерде арнайы бөлінген аумақтарға, иттерді серуендетуге арналған алаңда немесе жануардың табиғи және жеке физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін үйрету алаңында болуы;
 - үй жануарларының өз бетінше серуендеуі – үй жануарларының ұстау орнынан тыс жерде жануар иесінің және (немесе) жауапты адамның өз бетінше болуы;
 - ұстау орны – жануардың иесі және (немесе) жауапты адам пайдаланатын, жануар ұсталатын ғимараттар, құрылыстар, құрылысжайлар, үй-жайлар немесе жер учаскелері.
- Үй жануарларын ұстаудың тәртібі

- Үй жануарларын ұстау жөніндегі талаптарға мыналар жатады:
 - үй жануарларын ұстау орнында жануарларға адамның биологиялық, түрлік және жеке ерекшеліктеріне сәйкес келуге, олардың табиғи қажеттерін қанағаттандырады;
 - Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес үй жануарлары ауруларының профилактикасын, диагно-стикасын, оларды емдеуді және жоюды қамтамасыз ету болып табылады.
 - Үй жануарларын иесі және жауапты адамды, адамдар мен жануарлардың денсаулығына қауіп төндірмеуі, айналадағыларға зиян келтіруге жол бермейтін жағдайларды қамтамасыз етеді.
 - Үй жануарларын төмендегідей орындарда ұстауға рұқсат етілмейді:
 - Қазақстан Республикасының жануарларға жауапкершілікпен қарау және денсаулық сақтау салаларындағы заңнамасының талаптары бұзылған кезде қоғамдық орындарда, ұстау орындарында;
 - ортақ пайдаланылатын орындарда (баспалдақ алаңдары, жергөлелер, шатырлар, шектес балкондар, лоджиялар және ортақ пайдаланылатын қосалқы үй-жайлар);
 - үй маңындағы аумақтарда (жеке тұрғын үйлердің үй маңындағы аумақтарынан басқа);

гізеді. Жоспарды министрлік әзір-лейді және жоспарға енгізу үшін ЖАО-лар өз ұсыныстарын қаржы-ландырумен, жер учаскесін бөлу туралы шешіммен тарих және мә-дениет ескерткіштерін қорғау жө-ніндегі жергілікті комиссияның хат-тамасымен растауы қажет.

Бесінші, орнатылатын құрылыс-тардың үздік жобаларын ЖАО-лар республикалық шығармашылық конкурс жариялау арқылы анықтай-ды. Осы конкурстың нәтижесінде үздік деп танылған кемінде үш жоба монументтік өнер құрылыстарын орнату жөніндегі комиссияның қа-рауына енгізу үшін министрлікке жолданады.

Алтыншы, комиссия мақұлдаған құрылыстардың жұмыс жобалары ЖАО жоғарыда көрсеткен жоспарға сәйкес мерзімде орнатады.

Бұдан өзге Президент тапсырма-сына сәйкес трайбалистік сипаттағы жаңа ескерткіштерді орнатуға жол берілмейді. Сонымен қатар жаңа ескерткіштерді орнату кезінде рес-публикалық ономастика комисси-ясы Бекіткен «Тарихи тұлғалар» тізімін басшылыққа алу қажет.

Алдағы уақытта жаңа ескерт-кіштерді орнату жөніндегі жұмыс-тар жоғарыда көрсетілген жаңа қа-ғидаларға, сондай-ақ Президенттің осы бағыттағы қосымша тапсырма-ларына сай жүргізілетінін хабарлай-мыз. Қолданыстағы тәртіпке сәйкес келмейтін ұсыныстар қараусыз қал-дырылады.

Бұл шаралар – монументтік өнер құрылыстарын орнатуды реттеу-ге бағытталған тиімді қадам, сон-дықтан заңнамалық тәртіпті қатаң сақтау қажет.

Монументтік өнер – ұлттың рухани қолын сақтау мен ұрпаққа жеткізудің бір жолы. Осы бағыттағы құқықтық өзгерістер ескерткіш орнату ісін жүйелі, ашық және жауапты үдеріске айналдыруға бағытталған. Министрліктің жаңа қағидалары осы саланың сапалы дамуына серпін береді және тарихи жадыны жаңғыртуға үлес қосады.

Ерғасы АЛДНАЗАРОВ, облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау орталығы ҚММ басшысы

4) асүйлер мен жатақхана дәліздерінде.

6. Үй жануарларының иесі және жауапты адам тұрғын және тұрғын емес үй-жайларда, оның ішінде қолданыстағы облыстық әкімдерінің, қалалық органдардың үй жануарларымен астануына, қоршаған ортаға зиян келтіруіне жол берілмейді.

7. Бірінесе отбасы тұратын тұрғынжайда (жеке тұрғын үй, пәтер, жатақханадағы бөлме, модульдік (мобильді) тұрғын үй) үй жануарларын ұстау медициналық қарсы көрсеткіштерді ескере отырып, барлық тұртып кәмілетке толған отбасы мүшелерінің келісімімен жүзеге асырылады.

8. Бау-бақша, саяжай кооперативтерін, демалыс үйлерінің аумақтарында санитариялық-гигиеналық ережелердің талаптарын сақтай отырып, үй жануарларын ұстауға жол берілсіз.

8-1. Үй жануарларының иесі немесе жауапты адамы осы аумаққа кіреберісте жануар иесінің ерекше жауапкершілігін талап ететін үй жануарынан бар екендігі туралы ескерту жабыны жүзеге асырады.

9. Қонақүйге әкімшілігімен келісіп бойынша иесіне итпен немесе мысықпен қоныстануға рұқсат етіледі.

/// БАЙҚАУ

ШӘМШІ ӘНДЕРІН ШЫРҚАДЫ



Облыстық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен Қызылорда қаласының астана болғанына 100 жыл және қазақ вальсінің королі Шәмші Қалдаяқовтың туғанына 95 жыл толуына орай А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде «Қазақ вальсінің королі – Шәмші» тақырыбында ардагерлер арасында облыстық ән байқауы өтті.

Байқаудың ашылуында сөз сөйлеген облыстық ардагерлер кеңесінің жауапты хатшысы Максұт Баекеев жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін ардагерлер арасындағы ән байқауының жас ұрпақ үшін тәрбиелік мәні зор, жалпы көрерменнің ықыласы ерекше екенін атап өтті.

Байқауға 20 ардагер қатысты. Олар екі бөлім бойынша өнер көрсетті. Алғашқысы – Ш.Қалдаяқов әндерін, екіншісі – Сыр елі, Қызылорда туралы әндерді орындау.

Ән байқауының қорытындысымен Сарақұл Асанбаева (Шиеді ауданы) бас жүлде, Тәжмбет Бо-

латбек (Арал ауданы) І орын, Керекжан Құлмырзаев (Қармакшы ауданы), Роза Тұрмағамбетқызы (Сырдария ауданы) ІІ орын, Сұлтан Назаров (Қызылорда қаласы), Дәрікүл Махамбетов (Байқоңыр қаласы), Маржанкүл Ахай (Қазалы ауданы) ІІІ орын иеленді.

Ардагерлердің ән байқауына Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Рамазан Тайманов, Мәдениет саласының үздігі Ләйла Нәсімханова, «Мәдениет қайраткері» төсбелгісінің иегері Сәбит Ұлықпан қазылық етті.

«СБ» ақпарат



МЕМЛЕКЕТТІК МАРАПАТ

Шипажайға кеше келген Кеңесқали бүгін жасы біразды еңсерген, мінезі сәл-пәл ауырлау, сөзі сіреспелі бір кісімен танысып үлгерді. Арнайы іздеп барып танысқан жоқ, бір үстелде отырып тамақ ішеді, сосын әңгімелеспегенде қайтпек? Дәм тату кезіндегі қысқа-қысқа жауаптасу сөзі бір бөлек, одан соң таза ауада бой жазып жүрген кезде жақынырақ сөйлескен. Анығында – әңгімеге тартқан Кеңесқали.

– Аға, байқаймын, ғылым адамы сияқтысыз? – деген.

Ақ басты үлкен кісі «дәл таптын» дегендей, бұған риза пішінімен мейірлене қарады.

– Ғалым екенім рас! – деп сөзін нығырлап қойды. – Жүде мықты болмасақ та, құр жауа емеспіз...

– Қай саланың маманы едіңіз?

– Химия-биология саласында тапжылмай қырық бес жыл еңбек етіпмін, – деп, ақ басты кісі ауыр дем алды. – Аз ба, көп пе бұл уақыт? Көңіл қалауымен барған жұмыс, әлбетте, ләззатты. Оның ауыр-жеңіл де еш сезілмейді.

– Атағыңыз бар шығар? – деп сұрады Кеңесқали.

– Ғылым докторымын, профессормын. – Ғалым екеніңізді түсіндім ғой, менің білмегім мемлекеттік марапат жағы...

Осы сәтте ғалым ағасының қабағы құрсауланып сала берді. Сұрақ жайсыз тиді ме болмаса әлдебір жағдай еріксіз есіне түсті ме? Кеңесқали енді үнсіз қалып, әңгіменің аяғын күтті. Жауап болар деп үміттенді. Ғалым көп күттірмеді, баппен қайта тілге келді.

– Мемлекеттік марапат жағынан, екіншіше орай, тым ұяттымын, інішек! – деді. – Өлгі бір ақын жырлағандай, орден де, медаль да жоқ менде...

– Қалайша? – деп танданыс білдірді Кеңесқали. – Үлкен ғалым екенсіз. Химиялық болу, сол саланың профессоры атану екінің бірін қолынан келер ме?

– Сөзіңнің жаны бар-р! – Ақ басты кісі даусын соза сөйледі. – Саланың жүгі жеңіл емес. Ауырлығын көрдік, бастан өткердік. Алайда өлгі өзің айтқан марапат жайына келсек, менің түсінгенім, ол өзі мемлекетке сіңірген еңбегіңнен гөрі, сол жақтағы кей кісілермен ара-қатынасыңның жақсы-жамандығына көбірек байланысты ма деймін. Не үшін айтам? Мен тәрбиелеген біраз-з жастар ондай марапаттың біразын алып үлгеріпті, не керек! Соларға қарап ойланам да...

Кеңесқали жанадан танысқан ағасына енді еркініс сөйлеп:

Кейде билік жағындағылармен жылы бақатанып қойған да теріс емес қой, – деп алып, енді «мінез кемшілігің ауыздықтап...» дей беріп еді, ақ басты кісі жау көргендей орнынан атып тұрды.

– Сен, шырағым, өзің солай етерсің! Менің басымды қатырма! Осымен сөз бітті!

Екі көзі шатынап, енді ғана шын мінезін әйгіледі. Сол қалпымен алымдай басып, бұның жанынан ұзап бара жатты.

ОЛИГАРХКА ҰҚСАҒАН АДАМ

Жүрекбайдың жүрегі кенеттен сығымдап қысты. Самолет үсті. Көк төсі. Қырысқанда осындай өте қажет сәтте іше қоятын дәрісін де үйде ұмыт қалдырар ма? Өрі-бері шыдаған болып еді, енді тынысы тарыла бастады. Сосын амал жоқ, стоардессаны шақырмаққа түймені басты.

– Сізге не болды? – деді асығыс жетіп келген қағыздз қыз. – Түріңіз өзгеріп кетті. Бір жеріңіз ауырды ма?

– Жүрегім... жүрегім қысып барады.

– Онда сізді самолеттің ең алдыңғы орындығына алып барайын, бір орын бос. Сол жер кеңірек, жайлырақ...

Осыны айтты да, Жүрекбайды қолтықтаған күйі алдыңғы орынның біріне алып келді. Екі орынды ала аяғын кең созып, емін-еркін көсіліп жатқан ер кісі «сен келдің-ау» деп елең қылмады, сәл ығысқан

кейіп танытты да, теріс қарап жата берді. Қанша дегенмен ауасы да көбірек әрі кеңірек орын болған соң ба, Жүрекбайдың тынысы дұрысталып, өз-өзіне келе бастады. Осы кезде жанындағы кісі де басын сәл-пәл көтеріп, бұған қарады. Бірақ паң қарас! Тым асқақ!

– Жүрек пе? – Мұны да жай, ықылассыз сұраған.

– Жүрек! Аяқ астынан жүрегі ауырған Жүрекбай ағаң болам. Ал, өзің кім боласың?

– Артурхан!

– Хан дегенің жарасып тұр. Хан болардай келбетің де бар екен. Ал, Артур... мұндай есім бізде бұрын болды ма екен? Қай саладасың, інішек?

– Бизнеспен айналысам. Хан болмасақ та, жап-жақсы бизнесім бар. Мына екі орынды да жеке өзіме сатып алғанмын. Сіз қысылып қалды деген соң ғана...

Жүрекбай енді ғана мән-жайды анығырақ түсіне бастағандай еді. Мынаның сонша налданып, шіресе түскенін қарашы ей! Ақша ғой. Баршылық пен молшылықты көтере алмай жүрген түрі ме шіркіннің?

– Жасың менен біраз кіші екен, оны байқап отырмын. Мен саған бір жағдаятты айтайын. Өткен жылы Дубайда болғам. Мен орналасқан он сегіз қабатты қонақүйдің алдындағы ұзынша орындықта аялдап отыр едім, сол маңды сыпырып жүрген, жұпынылау киімді, жасы алпысты алқымдаған кісі жаныма келді. Сұрақ берді.

– Орналасқан бөлменіз жайлы ма? Қызметшілері қалай екен? – деді. Мен мақтай жөнелдім. Расында да қонақуйдің тазалығына да, қызметшілердің шынайы пейіліне де әйелім екеуміз қатты риза едік. Ол кісі менің жанымда көп аялдамады, кетіп қалды. Артығына бір кісі келіп:

– Оны танушы ма едіңіз? – деп сұрады.

– Кімді? Аяң-таңмын.

– Өлгіңде осы қонақуйдің иесімен сөйлесіп тұрдыңыз ғой, не жайында тілдестіңіздер? – деді бейтаныс адам. Одан бетер аң-таң болдым. Көше сыпырып жүрген адам, осыныша байлығы бола тұра, еш сыр берместен, мүлде қарапайым болып жүре алғаны, қанша ойлансам да, ақылыма сыймай кетті.

Артурхан «бұны маған несіне айтып отырсың» дегендей, Жүрекбайға жақтырмаған пішінімен қарады.

– Сол да асқан ақылдылыққа жата ма екен? – деді Артурхан көңілісіз ғана. – Миыма кірмейді...

Осыны айтты да, қаржы жағын әлдеқашан шешіп қойған кәсіпкер жігіт қайтадан бетін әрі бұрды. Бір байқағаны, осы жолы ғана көңестенде ұзынынан созған қос аяғын кішкене жинауға бейіл байқатып, өзіне қарай ақырын тартып алып жатты...

ӘЛЕМДІК ӘНГҮДІК (Диалог)

– Ұлтыңның ұлы емессің бе?
– Мына ұлт па? Ол маған не берді?
– Қаның ғой. Жаның ғой.
– Қан мен жан адамзатқа ортақ!
– Ата-бабаңды да мансұқ етесің бе сонда?

– Олардың өз сұрлеу-соқпағы болған. Менің де өз жолым болуы керек.

– Жарайды, сонда сені кім дейміз?
– Мен бе? Мен – әлемдік адаммын!
– Түсініксіздеу екен. Сонда-а...
– Не түсінбейтіні бар. Әлем адамымын деп тұрмақ жоқ па! Мен әлемге ортақпын. Әлем – менің өз үйім!

– Мына шағын Отан да өз үйім емес пе? Бұны қалай қиып тастап кетпексің?
– Ой, бұл кішкентай ұя ғой. Ауқымы тар. Құрқытайдың ұясы секілді. Маған тарлық етеді...

Ақыры түсіндіре алмады. Анығында, түсінісе алмады. Сосын амал жоқ, бір күрсініп алды да, ауаға қарап тұрып «әлемдік әңгүдік» деп қинала тіл қатты өзіне-өзі...

Жолтай ЖҰМАТ-ӘЛМАШҰЛЫ

(Жалғасы бар)



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ

БОЛАШАҚ МАМАНДАРҒА БАҒДАР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялағаны белгілі. Бұл бастама қоғамның еңбек адамына құрметін арттырумен қатар, елдің экономикалық дамуын қамтамасыз ететін жұмысшы мамандықтардың маңыздылығын қайта бағалауға үлкен серпін береді.

Алдағы уақытта әлемдегі еңбек нарығы өзгерістерге ұшырап, жаңа талаптар туындайды. Цифрландыру мен автоматтандыру жүйесінің дамуы көптеген салада адам еңбегін алмастыратын жаңа технологиялар мен жүйелерге жол ашыла. Бірақ бұл өзгерістердің арасында жұмысшы мамандықтардың маңызы артады.

Атаулы жыл аясында жуырда Қазалы аграрлы-техникалық колледжі «Ветеринария» мамандығының студенттері үшін өнірміздегі іргелі кәсіпорын – «РЗА-Асыл түлік» ЖШС базасында ашық есік күні ұйымдастырылды. Шараның басты мақсаты – болашақ жас мамандарға өз мамандықтарының маңызын түсіндіріп, теориялық білімдерін нақты өндірістік жағдайда қолдана білуін қамтамасыз ету. Сондай-ақ кәсіби дағды қалыптастыру, жұмысшы мамандығының беделін арттыру.

Қазалы аграрлы-техникалық колледжі өз студенттерін дәл осы өзгерістерге бейімдей отырып, олардың заманауи техникалық дағдылар мен практикалық тәжірибесін меңгеруіне жағдай жасайды. Білім орны жұмысшы мамандықтарға жаңаша көзқарас қалыптастыруда жетекші рольге ие. Колледж осы орайда бірнеше бағытта жұмыс атқарып келеді. Оның ішінде материалдық-техникалық базасы қалыптасқан. Оқу шеберханалары мен зертханалар

жаңа құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Бұл білім алушылардың тәжірибелік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Жұмыс берушілермен әріптестік орнаған. Аймақтағы жетекші компаниялармен тығыз байланыс арқылы студенттер сонда өндірістік тәжірибелен өтеді, бұл оларды жұмыспен қамтуға көмектеседі. Түлектерді қолдауға жіті көңіл бөлінеді. Колледжден түлеп шыққан мамандардың жұмысқа орналасу көрсеткіші жоғары. Осылайша олардың мансап жолындағы сәтті қадамына барынша жағдай жасалған.

Өндіріс орнында студенттер кәсіби тәжірибе жинақтап, оқу барысында алынған білімді практикада қолдана білді. Мамандық ерекшеліктерін терең түсініп, нақты жұмыс орнында кәсіби міндеттерді орындау арқылы мамандықтың қыр-сырын үйренді. Жұмыс дағдыларын қалыптастыру арқылы ұйымдастырушылық, коммуникативтік және техникалық дағдыларды дамытуға мүмкіндік алды.

Іс-шараны ұйымдастырудың дағды тағы бір мақсат – жауапкершілік пен дербестікті арттыру, яғни тапсырмаларды өз бетінше орындау және шешім қабылдау қабілетін дамыту. Болашақ еңбек қызметіне бейімделу кәсіби ортадағы қарым-қатынас пен этикалық меңгеруге мүмкіндік береді.

«СБ» ақпарат



/// КОНКУРС



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖАБЫҚ ӘН КОНКУРСЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

Арал ауданы әкімдігінің қолдауымен Арал тақырыбындағы әндерден «Ән қанатындағы Арал» атты республикалық жабық ән конкурсы жарияланады.

Конкурстың мақсаты

– Қазақ елінің рухани құндылығын дәріптеу, ұлттық музыка өнерін дамыту, сазгерлер шығармашылығын қолдау және жаңа авторлық туындыларды көпшілікке таныту.

– Арал өңірінің тарихы, табиғаты мен рухани келбетін насихаттайтын жаңа әндер қорын қалыптастырып, елге, жерге, туған өлкенің тағдыры мен болашағына деген сүйіспеншілікті арттыру.

Конкурс шарты мен талабы

– Конкурсқа республиканың барлық өңірлерінен кәсіби және әуесқой сазгерлер қатыса алады;

– Қатысушының жасы мен кәсіби дәрежесіне шектеу қойылмайды;

– Конкурсқа жеке автор немесе авторлар тобы (сазгер мен ақын және әнші бірлесіп) қатыса алады.

– Шығарма Арал тақырыбына арналған ән болуы тиіс (табиғаты, тарихы, адамдары, теңізге деген сағыныш, елге құрмет, туған жер рухы, т.б.);

– Конкурс барысында әннің құрылымына, сөз мәтінінің тақырыпты аша білуіне, әнді орындаушының шеберлігіне баса назар аударылады.

Конкурсқа ұсынылатын туынды:

– Ән жаңа, бұрын көпшілік алдында орындалмаған және ешбір байқауға қатыспаған болуы керек;

– Әннің сөзі мен музыкасына бірдей мән беріледі;

– Орындау уақыты 4 минуттан аспауы тиіс;

– Қатысатын үміткер өз туындысын электронды нұсқада – флешкаға түсірілген (+1) аудио нұсқа, бұған қоса әннің клавири мен сөзінің Word форматында ұйымдастыру комитетіне конвертке салып жібереді.

Марапаттау рәсімі

Конкурсқа түскен композиторлардың әндері республикамызға белгілі музыка мамандары мен акындар, композиторлардан құрылған қазылар алқасының жабық отырысында тыңдалып, талқыланады.

– Конкурсқа 2025 жылдың 22 қарашасынан бастап 2026 жылдың 27

ақпанына дейінгі өтінімдер қабылданады;

– «Үздік» деп танылған шығармалар БАҚ-та жарияланады.

Байқау қорытындысы бойынша сазгерлерге төмендегідей жүлделі орындар тағайындалады:

Бас жүлде – 2000000 тенге.

I орын – 1000000 тенге.

II орын – 700000 тенге.

III орын – 500000 тенге.

Қазылар алқасы құқылы Барлық сыйлықтарды тағайындамауға;

Бір сыйлықты бірнеше жеңімпазға бөлуге;

(Қазылар алқасының шешімі талқыланды)

Жүлде иеленген сазгерлердің әні Арал ауданының әні болып бекітіліп, әлеуметтік желіде жарияланады.

Жүлдегер әннің авторлық құқығы ұйымдастыру алқасының иелігіне өтеді. Яғни, кез келген мәдени шарада пайдалана алатын болады.

Үміткерлерге қажетті құжаттар «Арал аудандық мәдениет үйі» мекемесіне ұсынған жолдама;

Жеке куәлік көшірмесі;

Үміткердің шығармашылық өмірбаяны;

Жұмыс немесе оқу орнынан анықтамасыз;

13*18 көлемдегі түрлі-түсті екі фотосурет (электронды нұсқасы міндетті түрде);

Конкурсқа ұсынылған туындының толық нұсқасы.

Қорытынды Мекен жайымыз: Конкурсқа тапсырыстар төмендегі мекен-жайда қабылданады. Қызылорда облысы Арал қаласы, Бактыбай батыр №115.

«Арал аудандық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

Байланыс телефондары: /8724 33/ 2 44 49.

8775 618 37 90 /Сәнім, Гүлшат/ 8705 824 74 32 /Айдар/

Эл.пошта: aral_rdk@mail.kz

Қазпошта индексі: 120100

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР БОЙЫ
МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР

Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)

экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10

(1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)

«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

«АҚ» - ақылы қызмет.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.

Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8/7242/ 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша

8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.